

# АҚШ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ ҮЛКЕН ҮҚЫЛАС ТАНЫТТЫ



Батыс сарапшыларының жазғанындай, қазақ елшілерінің АҚШ-қа жасаған сапары “темірді қызған кезде сокканындай” әсер қалдырды. Дипломатиялық кездесулерден кейін әлем назарын аударған посткенестік елдердегі түрлі-түсті төңкерістердің кезегі ендігі Орталық Азия жетекшісі — Қазақстанның үлесінде деген пайымдаулардың сенім салмағы азая түсті. АҚШ әкімшілігі әлемдік қауымдастықта өз орнын алған тәуелсіз Қазақстанды Орталық Азиядағы сенімді стратегиялық әріптес санайтындығы кездесудің басты қол жеткізген нәтижесі екендігін баса айтқан дұрыс.

Осының алдында ғана Буш мырзаның Елбасымызға жіберген хатында да саяси және экономикалық қарым-қатынасты жетілдіре түсу туралы жазылған болатын. Қ.Тоқаев мырза бастаған делегацияның да Ақ үйдің жетекші шенеуніктерімен осы мәселені түпкілікті пысықтап қайтқаны мәлім. Делегацияны бірінші болып қарсы алған АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Кондализа Райс Қазақстан мемлекетінің тұрақты саясатына және Елбасының атына жылы лебіздерін ақтарып тастады. “Нұрсұлтан Әбішұлының біліктілігінің арқасында мемлекет даму жағынан жана даңғылға түсіп, тез арада еңсесін тіктеді, — дейді Райс ханым, — сонымен қатар Қазақстан Орта Азияда ашық экономика мен тұрақты саясат қалыптастыруда шешуші рөлге ие болып отыр.”

Мемлекеттік хатшымен арадағы әңгімеде Қасымжомарт Тоқаев мырза есірткі жолына тосқауыл қою мәселесінің Ауғанстандағы террорлық әрекеттерге қарсы жүргізілген операциялардан кейін жолға қойылғанын

Жуырда ғана Вашингтон қаласына ат басын тіреп қайтқан Қасымжомарт Тоқаев мырза бастаған Сыртқы істер министрлігінің ресми сапары Қазақстан мен Орталық Азиядағы саяси аураға бажайлай көз тіккен алпауыт мемлекеттердің көңіліндегі көп түйткілді шешкендей болды.

жеткізді. Бұдан басқа БҰҰ-дағы жүріп жатқан реформаларға қатысты өз пікірін білдірген Қ.Тоқаев мырзаға американдықтар тарапынан толық қолдау табылып, кешенді түрде бірлесе шешуді ұсынды.

Кездесудің екінші күні АҚШ-тың қорғаныс министрі Дональд Рамсфельдпен жүздескен делегация өкілдеріне Пентагон тарапынан терроризм мен экстремизмге қарсы жаһандық күресте қолдау көрсеткені үшін ризашылықтарын білдірді. Пентагон басшылығының басты назар аударған мәселесі — Орта Азия мен Каспий аймағындағы қауіпсіздік шаралары мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудегі Қазақстанның маңызды стратегиялық әріптес екендігін жеткізді. Сыртқы істер министрі бұдан басқа АҚШ президентінің Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісінің орынбасары Эллио Абрамспен, АҚШ-тың сауда істері жөніндегі төрағасы Портман мырзамен және Буштың арнайы кеңесшісі Ширзало мырзамен кездесіп, Қазақстанның 2009 жылы Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына жетекшілік етудегі мүмкіндігі жайында және 2006 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымына ТМД-ның бірқатар мемлекеттерімен бірге кіруі турасындағы дайындықтар жөнінде өзара пікір алмасты.

Осы дипломатиялық кездесулер мен Президент Буштың Елбасымызға хат жолдауы, американдықтардың Кіндік Азиядағы барыс-келістерінің көбеюі олардың осы аймақтағы мүдделерінің жана қырын байқата бастағандай. Жақында ғана АҚШ қорғаныс министрі Рамсфельд мырзаның Бішкекке келіп әскери гарнизондарының табанын қырғыз жеріне бекіте түсуі, Әндіжан қырғынынан кейін Өзбекстан мен АҚШ-тың арасындағы жылымықтың сейілуі, И.Каримовтың Ресей мен Қытай мемлекеттеріне арқа сүйеуі олардың ортаазиялық елдерде жана әріптес іздей бастауына себепші болып отыр. Орта Азияда өз үстемдігін қайтаруға тырысып жатқан Ресей мен Қытай одақтастығына қарсы АҚШ әкімшілігі бұл ретте осы аймақтағы беделді ел — Қазақстанмен жақындасуды тиімді көретін сықылды. Бұл жәйттер сыртқы саяси сахнадағы спектакльдердің алдағы уақытта қызу жүретіндігін айқындайды. Бұл “қызықты қойылымдардың бісміллесі” Астанада

өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымдарының бірлескен отырысында-ақ басталған. Онда Әндіжан оқиғасына байланысты өз наразылығын білдірген АҚШ үкіметіне қарсы Каримов мырза тез арада “Карши-Ханабад” әуе базасындағы америкалықтардың әскери контингентін өкетуді сұраған болатын. Нәтижесінде АҚШ-тың Өзбекстан мемлекеттік секторына бөліп отырған қаржысы тоқтатылды. Буш әкімшілігі қаржының тоқтатылғанын Өзбекстандағы Әндіжан оқиғасынан кейінгі саяси процестердің күрделімен түсіндіреді.

Қазақ дипломаттары мен Ақ үй шенеуніктерінің арасындағы кездесулерде сөз болған Үлкен Каспий мұнайы да Кіндік Азиядағы саяси аураның жана бетбұрыстарына өз әсерін тигізбей қоймайды. Бұл жерде басты мәселе АҚШ-тың Иранмен арадағы кикілжіндері болып отыр. Мұндай шиеленістерге жол берілген жағдайда Қазақстан қазынасының бірден-бір көзі болып отырған қара алтынның экспортқа шығатын жолы кесіледі де, біздің мемлекет одан үлкен зиян шегеді. Оған басты мысал ретінде Ақтау-Баку-Жейхан және Алашанькоу мұнай-газ құбырларының жобалары іске аспай, орта жолда қалады.

Ақ үй әкімшілігі мен Ақ Орданы байланыстыратын тағы бір жәйт, ол — алда келе жатқан президент сайлауы. АҚШ тарабы бұл ретте біздің елде өздерінің үйреншікті бағасын беріп, сайлаудың еркін және әділ өтетіндігіне, демократиялық құндылықтардың сақталатынына, Назарбаевтың жеңіп шығатынына сенім білдіріп, сәттілік тіледі.

Буштың жолдаған хаты мен дипломатиялық кездесулердің мәтіні бір десек те болады. Мұнда қай салада болсын терең әріптестікке қол жеткізуге тырысу Назарбаев саясатының алдағы мерзімде қай бағытпен сырғитынын анықтайды. Бұл ретте Қазақстанның саяси атмосферасында кімдермен жақын әріптестікке баруына бірнеше таңдаулардың шығатыны анық. Десек те, көп векторлы саясат қана Қазақстанның АҚШ-пен де, Ресеймен де, Қытай және Еуропалық Одақпен де тіл табысып, экономикалық және саяси әріптестікке таразы басын қисайтпай қол жеткізуіне көмектесе алатынына сенуге болады.

Думан АНАШ.

## «Қызғылт-сары төңкерістің» түбі көрініп қалды...

### Украинада «саяси сілкініс»

Президент Виктор Ющенко алдыңғы күні Юлия Тимошенко басқарған үкіметті отставкаға жіберді. Онымен бірге Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс кеңесінің хатшысы Петр Порошенко да қызметінен кетті. Жана премьер-министр болып 57 жастағы технократ, ұлты бурят Юрий Ехануров тағайындалды. Ол — бұрын Днепропетровск облысын басқарған, Ющенко 1999-2001 жылдары үкіметті басқарғанда бірінші вице-премьер болған адам.

Сонымен «қызғылт-сары» төңкерістің түбі көрініп қалды. Кешегі оппозицияның демократияны тү етіп құрған әлсіз жүйесіне сызат түсті.

Бұған дейін Киевтегі саяси ортада «басқарушы үштік» деген термин болып еді. Ол «үштікке» президент Ющенко, төңкеріс майданының ту ұстаушысы Тимошенко және Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Порошенко жатады.

Сонғы бір-екі айда пайда болған салқындық ақыры Тимошенко мен Порошенконның түбіне жетті. Бұл екеуі билікті қолға алған соң елдегі бизнес құрылымдарын бөліске салып, бір келісімге келе алмаған еді. Оның ішінде «Криворожсталь» комбинаты мен Никопольск феррокорытпа зауыты секілді аса ірі кәсіпорындар бар. Екі қошқардың басын бір қазанға сыйдыра алмай жүрген Ющенконың ақыры шыдамы таусылыпты. Кучмадан қалған олигархтармен алысып, олардың кәсіпорындарын «қайта жекешелендірмек» болып, майлы жілікке таласқан Порошенко мен Тимошенконы ол алдыңғы күні отставкаға жіберді.

Бірақ Порошенконның Ющенкодан алыс кетпейтіні белгілі сияқты. Өйткені бұл екеуі жақын дос қана емес, Украинаның Президенті — Порошенконның баласының өкіл әкесі. Сондықтан екеуінің жауығып кетуі мүмкін емес сияқты.

Ал Тимошенконның жөні бөлек, жолы басқа. Өйткені «Юлияның командасындағы» вице-премьерлер мен министрлер кеше отставкаға кетіп бара жатып, оппозициялық «көленкелі кабинет» құратынын мәлімдеп те жіберді.

Тимошенко — Ющенко үшін онай жау болмайды. Сарапшылардың айтуынша, Юлияның Жоғарғы Радаға депутат болып келіп, өзінің саяси блогын күшейтіп, жақын жылдардақ қайтадан премьер-министр болуы бек мүмкін. Өкілеттігі күшейген ол қазіргі президентпен сонда басқаша сөйлесетін болар.

Н.БАЙСАРЫ.